

өзін жүзеге асыру мүмкіндігін жоғалтып алу үрейіне негізделген қауіп сезімдері тән. Сондықтан, оқушылардың өзіндік кәсіби анықталуы бойынша әлеуметтік педагогпен ұйымдастырылатын жұмыс осы жас кезеңінде өзіне сенімділікті жетілдіру блогы және емтихандарды тапсырумен, оқу орнына түсумен байланысты қысымға толы шақта қолдау қызметі қамтамасыз етілуі тиіс.

#### Әдебиеттер

1. Алмазов С.Н., Беляева М.А., Бессонов Н.Н. Методика и технологии работы социального педагога. - М.: «Академия», 2002.- 192 с.

Бейсенбекова Г.Б., Оразалина Г.С.

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, Қарағанды қ.*

### ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ТОЛЕРАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласы мен «Қазақстан білім қоғамы жолында» интерактивті дәрісінде 135 этностың басын біріктіруші бүкіл қазақстандықтардың ынтымақтастығы мен толеранттылықты және де тарихи тағдырлардың қауымдастығын атап өтті. Жалпы тұлғада толеранттылықтың қалыптасуы үшін ол рухани дамудың белгілі бір сатыларынан өтуі керек, соған орай біздің оны педагогикалық мәселе ретінде қарастыруға негіз бар. 1995 жылғы 16 қарашада ЮНЕСКО-ға мүше елдер қабылдаған «Толеранттылық принциптерінің Декларациясында» білім беру саласында толеранттылық идеясын насихаттауға басымдық берілген[1]. Педагогика ғылымында оның саласы ретінде «толеранттылық педагогикасы» даму үстінде, онда толеранттылықтың мәнін зерттеу және оны әлеуметтік норма, әлеуметтік құндылық ретінде практикаға ендіруге жол ашылды.

Толеранттылық азаматтық қоғамда адамдардың әрекетті және істі таңдауына бағыттайтын шоғырланған әлеуметтік талаптар болып табылады. Саналы адамның жеке басы, оның мінез-құлқының нормаға сай келу сипаттамасы оның төзімділігін көрсетеді[2].

Толерантты мінез-құлық өзге де дүниетанымдық көзқарастарға, жанжалды жағдайларды сындарлы шешуге, диалогті жүргізу іскерлігіне, уайымды және сезімді сезінуіне құрметпен қарайтын адамдарға қатысты айтылады, ал оны қалыптастыру жалпы тәрбиелеу үдерісінің жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру бөлігінің маңызды құрамына кіреді.

Осы аталған мәселеге өз үлестерін қосқан ғалымдардың ішінде Н.И.Ильминский, П.Ф.Каптерев, М.М.Манасеин, К.Д.Ушинский және т.б. болды. Негізін қалаушылардың жұмыстарында педагогикалық психология толеранттылық халықтық идея мәнмәтінде жеке қарастырылады, оның қоғамдық маңыздылығы ескеріледі, тәрбиешілерге оны тәрбиелеу кезінде өте абай болуды ұсынады, баланың жан дүниесінде көре алмаушылықты және басқа ұлт өкілдеріне өшпенділігін тудырмайтындай, олардың сеніміне әсер етпеуі тиіс екендігін дәріптейді. Сонымен қатар, ХХғ. 90-жылдары кеңес педагог және психологтардың еңбектерінде толеранттылықты қалыптастыру, негізінен интернационалдық тәрбие тұрғысынан мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мәнмәтінде қарастырылады. Педагогика және психологияның ынтымақтастығында - Ю.К.Бабанский, О.С.Богданова, З.Н.Варбанец, И.П.Волков, Р.Т.Гарданов, Э.Г.Гарунов, О.И.Шевченко. Бұл зерттеушілер басқадай адамдардың дара өзгешіліктеріндегі төзімділікті және кеңес мектептеріндегі оқушыларды тәрбиелеу жолдарын зерттесе А.Г.Асмолов, С.К.Бондырева, М.А.Джерилиевская, Е.Ю.Клепцова, А.М.Кондаков, В.Г.Маралов, В.Ф.Петренко, В.А.Ситаров, Г.У.Солдатова, В.В.Шалин және тағы басқалардың жұмыстарында осы мәселе төңірегінде арнайы өңдеулер жүргізілді. Тәрбие теориясының психологиялық аспектілерінің дамуымен негізгі өзекті сұрағы жас ұрпақтың әр қилы жас кезеңінде толеранттылықты

қалыптастыруға мүмкіндік берді; сана ретінде толеранттылық біржақты бекітілді: тұжырымдамалық, ол негізінен қатынас ұғымы ретінде В.Г.Маралов, В.А.Ситаров, Е.Ю.Клепцов еңбектерінде қаралса, П.Ф.Комогоров, В.П.Комаров, О.Б.Скрябина, А.У.Хараш жұмыстарында толеранттылық тұлға сапасы ретінде көрсетілді.

Алайда, жалпы психологиялық теориясының болмауы тұлғалық сапа құрылымы мен «толеранттылық» ұғымы арасындағы елеулі айырмашылықтарды жоғарыда аталған авторлар тапқан болатын[3]. Мәні бойынша толеранттылықтың құрылымына бірдей көзқараспен ғалымдар оның компоненттерінің атауларын әртүрлі береді, қабылдау барысындағы бұндай қиындық, осы кезде бұл сұрақ жеткіліксіз негізделген деп санауға мүмкіндік береді.

Зерделеумен қатар "толеранттылық" ұғымын анықтау, оның психологиялық құрылымын дайындауда бұл феноменнің қызметін көрсететін психологиялық тетік өңделді. Пайда болған толеранттылықтың психологиялық тетігін шешуге елеулі үлес қосқандар Ф.Е.Василюк, Е.Ю.Клепцов, Г.С.Кожухарь болды.

Зерттеу мазмұнын талдау көрсеткендей, толеранттылықтың пайда болуын ашуда, ғалымдар оның тетігін анықтаудың екі жақты қарайды. Бірақ та, олар оны зерттеудегі қажеттіліктің маңыздылығын мойындайды.

Негізгі жетістік педагогикалық психологияның толеранттылықты тану үшін басқа да кез келген жеке тұлға сапасын іс-әрекетте қалыптастырылады. Бұған дәлел осы сапаны қалыптастырылуы, әртүрлі іс-әрекет түрлерінде қарастырылады: оқу (В.В.Глебкин, И.В.Крутов, М.В.Куранов); сабақтан тыс (Н.А.Зинченко, В.А.Киричок); мектептік және мектептен тыс бірлескен іс-әрекетте (Л.Б.Шиповская, Л.С.Ядрихинская); өзара тұлғалық қарым-қатынас (П.Ф.Комогоров).

Сонымен бірге, бүгінгі күні толеранттылық мінез-құлық мәселесін қарастыру туралы зерттеулер пайда болды. Ғалымдар С.К.Бондырев және Д.В.Колесов жұмыстарында толеранттылық мінез-құлыққа қабілеттілігі қарастырылды. Авторлар «толеранттылық мінез-құлық» ұғымының психологиялық маңыздылығын негіздеп берді. Т.С.Таюрск, П.В.Степановтың диссертациялық зерттеулерінде жеткіншектердің толеранттылық мінез-құлықтарын қалыптастыру мәселесі және оларды тәрбиелеудегі педагогикалық жағдайлардың ең маңызды тиімділігі айқындалды. Бұл жұмыстарда жас ұрпақтың толеранттылық мінез-құлқын қалыптастырудың әр қилы жақтары зерделенді. Атап айтқанда, В.П.Комаров, О.В.Исаев, Л.Г.Костюченко зерттеулерінде университет студенттерінің толеранттылық мінез-құлқтарын тәрбиелеу қарастырылады. Мұндай зерттеулер аз қамтылған және аталған мәселенің әлеуметтік-психологиялық аспектілер айқын көрініс тапты.

Толеранттылықтың жекелеген аспектілері қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріне де арқау болды: Г.К.Искакова, М.А.Кучерова, Ж.Қартбаева, П.И.Мамедова, Э.Д.Сүлейменова, Б.А.Тұрғынбаева, Ж.А.Карманова және т.б. толеранттылықты қалыптастырудың жалпы мәселелерін қарастырса, С.Әмірғазин еңбектерінде дінаралық толеранттылық мәселелерінің әр жақтары ашылған. Г.А.Уманов ұлтаралық қатынастар педагогикасының теориялық негіздерін қарастырды[4].

Дегенмен, студенттердің толерантты мінезінің құрылымы және мәні, бұндай қасиетті қалыптастыру ерекшеліктері аз зерттелінді, педагогикалық өзара әрекеттесуде студенттердің толерантты мінез-құлқының психологиялық тетіктері аз айқындалған, педагогикалық өзара әрекеттесудің студенттердің толерантты мінез-құлқын қалыптастырудағы әсері анықталмаған, педагогикалық өзара әрекеттесуде студенттердің толерантты мінез-құлқының көрсеткіштері және оны зерттеудің диагностикалық құралдары әзірленбеді, аталған іс-әрекет түрінде студенттердің толерантты мінез-құлқын қалыптастырудың инновациялық технологиялары жеткіліксіз.

Бірақ та, қазіргі кезде ештеңеге қарамастан толеранттылықты қалыптастыру педагогикалық теория ретінде қарастырылуда, ол жоғары оқу орнының практикасындағы қажеттілігі шешілмей келеді. Оның шешімін табу барысында ЖОО мүмкіншілігі болса,

студенттерге көптеген жағдайлар жасай алады, олардың тұлғасына да мақсаткерлік пен жүйелі түрде өзіндік сана дамуының үдерісіне ықпал етеді.

Студенттер толеранттылығы – студенттер басқалардың құндылығын, көптүрлі әлем мәдениетінің байлығын дұрыс түсіну және қабылдау, құрметтеуді; мейірімділік және эмпатия бейнесі қарым-қатынаста, мінез-құлықтағы белсенді қатынасты, қақтығысты және мәселелі жағдайларды шешуде тұлғалық көрініс спектрін көрсетеді.

Оқытушы студенттер дүниетанымын қалыптастырады, яғни олардың рефлексиясын дамытады, өзін қоғамдық құндылықтарды тасмалдаушы, іс-әрекет субъектісі және пайдалы тұлға ретінде түсінуді қалыптастырады.

Демек, осы жастағылардың тұлғалық дамытушы толеранттық компоненттерін, яғни белсендіру, ұғындыру, құрметтеу, өзгеде маңызды шешім қабылдауға, сабырлық ету ретінде әр түрлі жағдайда тәрбиелеу.

Жоғары мектеп маманды өз саласында кәсібилігін ғана емес, адамдардың мәдениеті жоғары, студент жастар арасындағы толеранттық мінез-құлықты қалыптастыру бойынша тәжірибелі дайындауға бағытталған.

Н.Ермекбаев өз сөзінде, толерантты қоғам құрудың қазақстандық үлгісін әлемдік қауымдастық мойындады, онда барлық ұлттар мен конфессиялардың өкілдері достық пен келісімде заманауи және жасампаз қоғам құруды, сонымен бірге Қазақстандық бағдарлама материалдарының мақсаты «Қазақстан қоғамында экстремизмнің алдын-алу және толерантты сана-сезімді қалыптастыру» үшін жағдай жасау, атап айтқанда, қазіргі заманғы жоғары оқу орнының тәжірибиесінде бірқатар объективті қиындықтарды алсақ оның ішінде студенттердің толерантты мінез-құлқын қалыптастыруда кездесетін қиындықтар болып табылады. Оларға мыналар жатады: оқыту үдерісіне студенттердің әлсіз мотивациясы, өз өмірінің мағынасын түсінбеушілік, оқу мәдениетті мен қарым-қатынас мәдениетінің төмен деңгейінің болуы, ынтымақтастық пен түсінушілікте диалогтық өзараәрекеттесудің болмауы; оқытушы жағынан қазіргі кездегі бақылаудың, студенттер өздерінің оқу міндеттеріне қойылған талаптарды орындауда тиісті жауапкершіліктің болмауы; оқытушы жағынан студенттердің қиындықтарын ескермеуі. Яғни жоғары мектеп тарапынан осы психологиялық сипаттамаларын қалыптастырудың жеткіліксіздігі және қазіргі заманғы қоғамның толерантты жеке тұлғасы арасындағы қажеттілігіне сәйкессіздігі байқалады. Осы қарама-қайшылықтар оқытушы тек күшіне қана емес, жастар арасында толерантты мінез-құлықты қалыптастыру бойынша «оқытушы-студент» арасындағы педагогикалық өзараәрекеттесуді ұйымдастыру, бірақ та, бұл мәселені өңдеу тек ғана теориялық жоспар дәрежесінде екені мәлім.

Біз теориялық талдау негізінде, жоғары оқу орны жұмысын ұйымдастыру тәжірибиесін зерттеуде, студенттермен бірге әр қилы мәселелерге бой ұруға болады, бірқатар кейбір ұйымдастырушылық қиындықтарға негізделген қарама-қайшылыққа толы: осы таңдағы қоғамның қажеттілігінде агрессивті мінез-құлықты төмендету және жастар ортасында шиеленісті толеранттылық негізінде және аталған мәселенің теориялық және тәжірибелік жағынан жеткілікті түрде қарастырылмауы; студенттердің толерантты мінез-құлық мәдениеті мәселесінің өзектілігі және оның мазмұны, әдістері, құралдары және оны шешу формалары жүйесінің болмауы.

Демек, зерттеу мәселеміз жоғары оқу орындарында студенттердің толерантты мінез-құлық мәдениетін қалыптастырудың жолдарын іздеуді қажет етеді, соған байланысты құрылған зерттеудің мақсаты жоғары оқу орындарында студенттердің толерантты мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды теориялық және тәжірибелік тұрғыдан негіздеу.

Тәжірибелік-педагогикалық жұмыс Қарағанды қаласының ЖММ «Болашақ» Академиясының педагогикалық факультетінің «Педагогика және психология» мамандығы мен «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандықтарының 1-4 курс аралығындағы 125 студент қатысты.

Анықтаушы эксперименті барысында студенттердің толерантты мінез-құлық мәдениетін анықтау мақсатында «толеранттылық» ұғымы туралы сауалнама және де В.М.Русаловтың

темперамент құрылымын анықтау әдістемесі, В.В.Бойконың қарым-қатынастағы толеранттылықты анықтау сауалнамасы, Дж Гилфорд және М. Салливеннің әлеуметтік интеллекті диагностикалау әдістемесі, К.Томастың мінез-құлықты бейнелеу тестісі жүргізілді.


Анықтаушы эксперимент нәтижелерін талдау бізге, студенттердің толерантты мінез-құлық мәдениетін қалыптастырудың бағдарламасын құруға түрткі болды. Осыдан келіп қалыптастырушы эксперимент жүргізілді. Бұл эксперимент психологиялық тренингтерді, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру арқылы жүзеге асты. Эксперименттің нәтижесін көру үшін біз студенттердің толерантты мінез-құлық мәдениетінің қалыптасқанын білу мақсатында, оларға қорытынды эксперимент жүргіздік. Оған бастапқы экспериментте алынған зерттеу әдістемелері іріктелініп алынды.

Сонымен жоғары оқу орындарында студенттердің толерантты мінез-құлық мәдениетінің қалыптасқан көрсеткіші кесте 1 сурет 1 бейнеленген.

Кесте 1

Деңгейі	Эксперименттік топ		Бақылау тобы	
	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
Жоғары	24,6%	30,2	22,6	23,3
Орташа	29,2%	37,4	28,9	30,8
Төмен	46,2%	32,4	48,5	45,9

Эксперименттің анықтау және қорытынды кезеңдерінде алынған нәтижелерді салыстырмалы талдау көрсетіп отырғандай, анықтаушы эксперимент нәтижесіне қарағанда студенттердің толерантты мінез-құлық мәдениетінің қалыптасу деңгейінің өсуі байқалады.



Сурет 1. Жоғары оқу орындарында студенттердің толерантты мінез-құлық мәдениетінің қалыптасқан көрсеткішінің диаграммасы

Сонымен студенттің әрекеті табысты болуының қажетті жағдайы - жоғары оқу орнында оқудың өзіне таныс емес жаңа ерекшеліктерін, ішкі дискомфортты жоюды түйсінуді және ортамен шиеленісті болдырмау мүмкіншілігін игеру. Бастапқы курстарда студенттік ұжым құрылады, ақыл-ой жұмысын рационалды ұйымдастырудың дағдылары мен ептілігі қалыптасады, таңдап алған мамандыққа икемділігін түсінеді, тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттері бағытында өздігінен білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу бойынша жасалатын жұмыс жүйесі анықталады. Тұлғаның өзіндік «Мен» құрылымына деген өзгеше қатынасы, адамның барлық жүріс-тұрыс аспектілерін реттеуге әсер етеді, ол тұлғааралық қарым-қатынасты орнатуда маңызды роль атқарады, мақсатты қою мен оған жетуде және дағдарысты жағдайларды шешу және одан шығу қабілеттерін қалыптастырады.

Толеранттылық – бұл топтық тиістілігіне қарамастан, бір адамның екінші адамға сенімді қатынас танытуы.

Тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың қорытындысы бойынша төмендегідей ұсыныстар жасауға болады:

- толерантты мінез-құлықты қалыптастырудағы маңызды жағдай жағымды аймақтық білім саясатын құру;
- қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі ретінде адамгершілік тәрбиені - тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда басшылыққа алу қажет етеді;
- оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің толерантты мінез-құлық ерекшеліктерін есепке алу;
- конфликтілік жағдайларда адамдарға мінез-құлықтың қандай формалары тән, оның жағымды және жағымсыз жақтарына назар аудару;
- студенттердің толерантты мінез-құлық мәдениетін қалыптастыратын жаңа технологияларды жетілдіру керек.

#### Әдебиеттер

1. Декларация принципов толерантности. Утверждена Генеральной конференцией ЮНЕСКО от 16 ноября 1995 года // Век толерантности: Научно-публицистический вестник. М.: МГУ, 2001. 137с.
2. Мәдениеттану: жоғарғы оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. - Алматы: Раритет, 2005.- 416 б.
3. Солдатова Г.У., Нестик Т.А. Историко-эволюционная перспектива человечества: от парадигмы конфликта к парадигме толерантности. Национальный психологический журнал, 2011.
4. Қартбаева Ж. Толерантты мінез-құлықты қалыптастыру мәселесіне тарихи-методологиялық талдау // Сыныптағы тәрбие. - 2008. Б.-7-11

Бельгибаева Г.Қ., Асылбек Л.

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

Абдикаримова Г.Ж., Бижанова М.Д.

*КММ «Шапағат балалар үйі», Қарағанды қ.*

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУ – БІЛІМНІҢ БАСТАУЫ

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала - біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептер арасындағы байланыс басты мәселе болып отыр. Бұл мәселенің негізгі басты проблемасы жүйелі оқуға дайындау болып табылады [1]. Және де, осы мемлекеттік бағдарламалар негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу мақсатында, мынадай міндеттерді ұстануымыз қажет:

- тәжірибелік, танымдық, шығармашылық іскерлігі мен басқа да бала әрекеті түрлерін қалыптастыру;
- ұлтжандылық пен халқымыздың мәдени-тарихи дәстүрлері негізінде тәрбиелеу арқылы бала бойына жалпыадамдық, мәдени және адамгершілік құндылықтарды дарыту;